

Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу мөлшері мен тәртібін айқындау туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2017 жылғы 7 қарашадағы № 15/7 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 24 қарашада № 6044 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 7 тамыздағы № 27/4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 07.08.2018 № 27/4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 16-бабының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңның 29-бабының 6-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балалардың (бұдан әрі - кемтар балалар) ата-аналары мен өзге де заңды өкілдерінің жеке оқыту жоспары бойынша кемтар балаларын үйде оқытуға жұмсалған шығындарын өтеу (бұдан әрі - шығындарды өтеу) мөлшері тоғыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айқындалсын.

2. Шығындарды өтеуді "Шиелі аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) кемтар балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне тиісті оқу жылы кезеңінде тоқсан сайын аудан бюджеті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

3. Кемтар балалардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдері жеке оқыту жоспары бойынша кемтар балаларын үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу үшін өтінішті қабылдау немесе мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі №279 бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №11342 болып

тіркелген) 25-қосымшасымен бекітілген "Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-тармағында көрсетілген тәртіппен жүзеге асырылады және 9-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.

4. Шығындарды өтеу кемтар балалар:

- 1) он сегіз жасқа толғанда;
- 2) қайтыс болғанда;
- 3) мүгедектігін алып тастағанда;
- 4) интернат-үйі немесе санаторлық мектепте оқып жатқан кезеңінде;
- 5) психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес қорытындысының мерзімі аяқталғанда;
- 6) Шиелі ауданының шегінен тыс тұрақты тұрғылықты жерге кеткенде тоқтатылады.

Шығындарды өтеу көрсетілген жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шиелі аудандық мәслихаты
сессиясының төрағасы*

М.Дүйсенов

Шиелі аудандық мәслихатының хатшысы

Б.Сыздық

"КЕЛІСІЛДІ"

*"Қызылорда облысының жұмыспен
қамтуды үйлестіру және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы*

Т. Дүйсебаев

"7" қараша 2017 жыл